

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН САТЫП АЛУ ЖӘНЕ САТУ КЕЗІНДЕ ФЬЮЧЕРЛІК КОНТРАКТЫЛАРДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 4 сәуір 1994 ж. N 321. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді инфляциялық процестерден қорғау, аграрлық сектордағы экономикалық көрсеткіштерге баға тепе-теңдігі бұзылуының ықпал етуін азайту, сондай-ақ меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындардың ішкі қаржы және материалдық-техникалық ресурстарды тиімді пайдалануы мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Астық", "Тағам", "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниялары, "Казконтракт" Республикалық контракт корпорациясы 1994 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және сату кезінде фьючерлік контракттарға көшетін болсын.

Меншік нысандарына қарамастан басқа ұйымдарға контракттар жасасудың осындай тәртібін пайдалану ұсынылсын.

Фьючерлік контракт жасасқан және шартта белгіленген мерзімде ақша, материалдық-техникалық ресурстар алған ауыл шаруашылық тауарын өндірушілер сатып алушылармен контрактта көрсетілген номенклатурада және көлемде болашақта өндірілетін өніммен есеп айырысуға міндетті.

Сатушы өнімдерді беру жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда сатып алушының алдында белгіленген тәртіппен өз мүлкімен жауап береді.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен, "Астық", "Тағам", "Береке" мемлекеттік акционерлік компанияларымен бірлесіп меншіктің барлық нысандарындағы басқа құрамалар мен иелік етуші құрылымдар ерекшелігін ескере отырып бір ай мерзім ішінде ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу-сату барысында фьючерлік мәмілелерді өткізу тәртібін белгілеп, бекітетін болсын.

3. Дайындау ұйымдары сатып алу кезінде фьючерлік контракттар қолданылатын дәнді, майлы дақылдар мен қант қызылшасының базалық сатып алу бағасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. "Астық", "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниялары тауар өндірушілер мен дайындау ұйымдары арасында 1994 жылы дәнді, майлы

дақылдар мен қант қызылшасын сатып алуға бұрын жасасылған фьючерлік контракттарды жаңа базалық баға бойынша қайта есептейтін болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы мақсаттар үшін қажетті бюджеттік қаражат бөлсін.

5. Жергілікті әкімдер Қазақстан халықаралық агроөнеркәсіптік биржасымен бірлесіп отырып:

фьючерлік контракттар негізінде ауыл шаруашылық тауарын өндірушілер, жабдықтау-дайындау, коммерциялық және басқа шаруашылық жүргізуші құрылымдар арасындағы өзара тиімді мәмілелерді жолға қою үшін сауда аукциондары мен жәрмеңкелерін тұрақты түрде өткізсін;

шаруа (фермерлік) қожалықтары мен жеке аулалардан ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу мен сату, сондай-ақ оларды материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі акционерлік қоғамдар, бірлескен және жекеменшік кәсіпорындар құруға жәрдемдессін.

6. "Астық" және "Тағам" мемлекеттік акционерлік компанияларына жалпы негізде мемлекет мұқтажы және басқа да мақсаттар үшін коммерциялық құрылымдар арқылы астық дайындауға рұқсат етілсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне фьючерлік контракттар бойынша бөлінген бюджет қаражатын ауыл тауар өндірушілеріне қызмет көрсететін банктердің мерзімі өткен қарыздарының қарыз айырмашылығын және корреспонденттік шоттарға деген басқа да талаптарын өтеуге есептемеуге өтініш жасалсын. Меншіктің барлық нысандарындағы кеңшарлар, ұжымшарлар, басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындары, шаруа (фермерлік) қожалықтары алған қаражаттарын көктемгі дала жұмыстарын өткізуге мақсатты түрде пайдалануды қамтамасыз етсін.

8. Облыстардың және аудандардың әкімдері ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу-сату барысында фьючерлік контракттарды дамытуға барынша жәрдемдессін, олар бойынша бірінші кезекте есеп айырысу мәселесіне кедергі жасамасын.

9. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және беру туралы" 1994 жылғы 10 қаңтардағы N 48 қаулысына N 3 қосымшаның күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 4 сәуірдегі

№ 321 қаулысына

Қосымша

**Дәнді, майлы дақылдар мен қант қызылшасының  
базалық сатып алу бағасы (қосымша құнға салықсыз)**

Дақылдар атауы	!	Әр тоннаға теңгемен	!
		1	
		2	
Қ а т т ы	б и д а й		
I класты		1400	
II класты		1200	
III класты		1100	
IV класты (жармалық)		800	
V класты	600		
Жұмсақ бидай			
жоғары класты		1600	
I класты		1400	
II класты		1200	
III класты		1100	
IV класты		800	
V класты	600		
Күріш - астық			
жоғары класты		1800	
I класты		1700	
II класты		1400	
III класты	1200		
Тары			
I класты		1200	
II класты		1000	
III класты	900		
Арпа			
I класты		1100	
II класты		800	
Сыра қайнататын арпа	1200		
Сұлы			
I класты		1100	
II класты		800	

III класты		700
IV класты	600	
Қара бидай		
А тобы (I, II, III класс)		1100
Б тобы (IV класс)	700	
Қарақұмық		
I класты		1900
II класты		1800
III класты	1500	
Жүгері		
I класты		2500
II класты		2300
III класты	1900	
Бұршақ		
I класты		1200
II класты		1100
III класты	900	
Күнбағыс	3100	
Рапс		
I класты		3100
II класты	2500	
Соя	4100	
Қант қызылшасы	700	